Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 15

# МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР КАДАСТРЫН ЖҮРГІЗУ

***Капетова А.***

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны дамытуға қабылдаған нормативтік-құқықтық құжаттарымен жүзеге асырылады, олар ақпараттық жүйе ретіндегі мемлекеттік жер кадастрының мазмұнын айқындайды және қалыптасқан объектілерді мемлекеттік тіркеу қағидаттарын және жер учаскелерін кадастрлық есепке қою қағидаттарын белгілейді. Жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі жүзеге асырады және Жер ресурстары мен жерге орналастырудың ғылыми-өндірістік орталығының («МемжерҒӨО» РМК) мамандандырылған облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) республикалық мемлекеттік кәсіпорындары елдің бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша тікелей жүргізеді.

Республикада жер учаскелері мен олардың субъектілері туралы дерекқорды жинақтау, өңдеу және жүргізу тұрақты жүргізіледі. Барлық ресімделген жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер берілген және меншік иесі немесе пайдаланушы ауысқан кезде қазіргі жер-кадастр істеріне қажетті өзгерістер енгізіледі. Жер-кадастр ақпаратын электронды жеткізгіштерге ауыстыру жалғасуда, жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МЖК ААЖ) жетілдірілуде.

Мемлекеттік жер кадастрының (МЖК) мәліметтерін қалыптастыру қазіргі заманғы топографиялық-геодезиялық, жерге орналастыру, топырақ, геоботаникалық зерттеулер мен іздестірулер, топырақты бонитировкалау жүргізумен, басқа да жер-кадастр жұмыстарымен қамтамасыз етіледі.

Жер-кадастр жұмыстарының көп бөлігі мүдделі жеке және заңды тұлғаларға (ақылы негізде) және мемлекеттік органдарға (осы мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты есебінен тегін) жер кадастры мәліметтерін беруді қамтиды.

Жер заңнамасының талаптарына сәйкес жер-кадастр құжаттамасының нысандарын, мазмұнын, қалыптастыру тәртібін және оны жүргізу әдістемесін жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

Барлығына бірыңғай ережелер мен технологиялар, жер учаскелерін және олармен тығыз байланысты жылжымайтын мүлік объектілерін кейіннен жер учаскелеріне арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу және мәліметтерді салық төлеушілердің және салық салу объектілерінің тізіліміне (СжСОТ) беру үшін сәйкестендіру және жекелендіру бойынша жылжымайтын мүлік объектілерінің мемлекеттік кадастрлық есебінің бірыңғай тетігін құру міндеті өзекті болып қала беруде.

*Жетекшісі: Р.К.Әбілдина,э.ғ.к,доцент*